ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 шілде №4712-23-00-2/1807 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Оқушы Орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Молжигитова Шайнур Касымовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану,
2) 846,40 теңге тұрақсыздық айыппұлын өндіру,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Оқушы Орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер Молжигитова Шайнур Касымовнаға келтірген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл соммасын өндіру туралы талап қоюын қарап – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Молжигитова Шайнур Касымовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Молжигитова Шайнур Касымовнадан мемлекет пайдасына 846 (сегіз жүз қырық алты) теңге тұрақсыздық айыппұл және 2 150 (екі мың жүз елу) теңге мемлекеттік баж алымы мен сотқа шақыру шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап кою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т.Бекболатов

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Т.Бекболатов

Шешім заңды күшіне 28.08.2023 жылы енді.

Судья А.Т.Бекболатов

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ АҚТАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ОҚУШЫ ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ЦЕНТР ШКОЛЬНИК» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ АКТАУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

КІРІС/ВХ № 01-24/95

«13» 09 2023 ж/г